

Семей мемлеттік медицина университеті  
Қазіргі заман Қазақстан тарихы және білім беру пәндер кафедрасы



# СӨЖ

Тақырыбы: Медициналық статистика. Биостатистика



Орындаған: Тасымов.Е.Т.  
Тексерген: Токабаева.Г.К.



# Жоспар

- \* Кіріспе
- \* Негізгі бөлім
  - Статистика
  - Медициналық статистика: тармақтары мен бөлімдері
  - Статистикалық жиынтық
  - Статистикалық есептеулер
- \* Қорытынды
- \* Қолданылған әдебиеттер



# СТАТИСТИКА

Статистика деген латынша «Stato», ал қазақша «Жағдай» деген мағынаны көрсетеді. Қазіргі кезеңде ғалымдардың көбісі статистикаға мынандай түсінік береді. «Статистика жеке қоғамдық ғылыми бағыт. Ол қоғамдағы белгілі бір мезгілде және кеңістікте жүретін жалпы өзгерістердің сандық және сапалық жағын зерттейді». Осыған қарағанда статистика жалпы көріністерді тұжырымдау үшін қажет екен. Оны жеке көріністерді зерттеуге қолдануға болмайды. Сондықтан оны басқаша «Статистика деген - жалпы көріністердің топтық қасиеттерін математикалық жолмен түсіндіру» деуге болады.



Статистиканың материалдық бөлімі деректі сандардың жиынтығынан тұрады. Ал медициналық статистиканың материалдық бөлімі тұрғындардың денсаулығы туралы деректі цифрлар жиынтығынан құралады. Медициналық статистика тек ғана ғылыми немесе пәндік бағыт емес, сонымен қатар қоғамдық тәжірибе. Оның көмегімен медицина мекемелері есепке алу және есеп беру жұмыстарын атқарады. Есепке алудың терең мағынасы бар. Ол есепке алудың жоспарлаумен тығыз байланысты бірыңғай жүйесі.



## Есепке алудың түрлері

Оперативтік

бухгалтерлік

статистикалық



# Медициналық статистика

Медициналық статистика дегеніміз – қоғамдық тәжірибе саласы және жекеше оқылатын маңызды пән. Ол жалпы статистиканың бір тармағы. Басқаша айтқанда, медициналық статистика қоғамдық медициналық ғылым. Ол денсаулықты және денсаулықты сақтау жұмысын сандық және сапалық жағынан зерттейді. Сонымен қатар, статистиканың әдістері мен әдістемелері арнайы медициналық мәселелерді де шешуге қолданылады. Кез-келген саладағы дәрігерлер мен денсаулықты сақтауды ұйымдастырушылар үшін медициналық статистика денсаулыққа, санитарлық және өндірістік тіршіліктік жағдайға сандық және сапалық баға беруге қолданылатын негізгі құрал болып табылады.




Медициналық статистика жалпы статистика ғылымының негіздеріне жүгінеді.  
Ол үш бөлімнен тұрады:

Д  
е  
н  
с  
а  
у  
л  
ы  
қ  
с  
т  
а  
т  
и  
с  
т  
и  
к

н  
с  
а  
у  
л  
ы  
қ  
т  
ы  
с  
а  
қ  
т  
а  
у  
д  
ы  
б  
а  
с  
қ  
а  
р  
у  
с

Клиникалық және  
экспериментальдық  
зерттеулер  
статистикасы





Медициналық статистикада статистиканың өзге салаларына қарағанда «Үлкен сандар» заңдылығын жиі қолданады. Ол мынандай жағдайларда кездеседі:

→ Аз көлемдегі бақылауды жүргізгенде;

→ Орта керсеткіштерді сараптап, олардың арақатынасын

→ анықтауда;

→ Зерттеулер өте аз бақылауға сүйене жүргізілген

→ жағдайда.





Тұрғындардың денсаулығын анықтау барысында олардың саны мен құрамы, өсімі мен өмірінің ұзақтығы, жеке аурулардың таралуы, мүгедектің деңгейі және жеке адамдардың физикалық дамуы туралы деректерді жинап зерттеу жүргізеді. Оның барысында денсаулыққа қоршаған ортаның зиянды заттарының тигізетін әсерін анықтайды. Осы корреляциялық байланыстарды жете білу денсаулықты күшейтуге бағытталған шараларды жетілдіруге көмектеседі.



# Денсаулықты сақтау статистикасы бірнеше тармақтарға бөлінеді. Олар:


емдеу - алдын-алу  
мекемелерінің  
статистикасы

медицина  
қызметкерлерінің  
статистикасы

әйелдердің босануына  
көмектесетін және  
денсаулығын қорғайтын  
мекемелерінің  
статистикасы

санитарлық және  
эпидемияға қарсы  
күресетін мекемелер  
статистикасы

балалар мен  
жасөспірімдердің  
денсаулығын  
қорғайтын мекемелер  
статистикасы



Статистикалық әдістерде клиникалық, лабораториялық және экспериментальдық зерттеулерде қолдану көптеген сұрақтарды шешуге көмектеседі. Оның ішінде жоспарлау, клиникалық және лабораториялық зерттеулерді ұйымдастыру, алынған көрсеткіштердің статистикалық тұрғыдан дұрыстығын және зерттелген қоғамдық жайлардың объективтік заңдылықтарын анықтау, қолданылған алдын-алу және емдеу шараларының медициналық тиімділігін бағалау жұмыстары да бар. Бұл жерде медициналық статистика өзінің қоғамдық қасиетін жоғалтпайды.



Статистикалық зерттеулер тек қана ғылыми жұмыста емес, сонымен қатар денсаулық сақтау мекемелерінің күнделікті қызметінде де қолданылады. Денсаулықты сақтау жұмысында және арнайы медициналық зерттеулерде статистикалық әдістеме бірінен соң бірі орындалатын төрт кезеңнен тұрады. Ол кезеңдердің әрқайсысы көптеген \_\_\_\_\_ статистикалық




# Статистикалық әдістеме

зерттеулердің жоспары мен бағдарламасын жасау;

статистикалық бақылау мен есепке алуды ұйымдастыру;

статистикалық топтау, өңдеу, жинақтау және материалдарды есептеп ыңғайлау;


талдау, тұжырым шығару, жұмысты жақсартуға ақыл қосу және алынған зерттеудің қорытындысын күнделікті жұмысқа енгізу



# Статистикалық жиынтық


Статистикалық жиынтық дегеніміз – сапасы жағынан бірыңғай деректердің, жағдайлардың және жаңалықтардың белгілі бір бағыттағы жиынтығы.

Статистикалық жиынтықтың жеке деректері, көріністері – бақылау көрсеткіші деп, ал бақылау көрсеткіштерінің деректерін – есепке алынатын белгілер деп атайды.



# Статистикалық есептеу

Статистикалық есептеу – қорытындылау және оны таблица түрінде көрсетумен аяқталады. Ол абсолюттік сандардан тұрады. Материалдарды талдау барысында абсолюттік сандардан – жалпылама көрсеткіштер жүйесі жасалады. Оған статистикалық коэффициенттер мен орта сандар жатады.



Статистиканың ең бір маңызды міндетіне көріністер мен өзгерістердің өзара байланысын анықтау жатады. Олардың байланысының екі түрі белгілі - қызметі жағынан және корреляциялық. Қызметі жағынан байланыста – көріністердің белгілі бір көрсеткішіне, алдын ала белгілі екінші өзгергіш көрсеткіші сәйкес келеді. Корреляциялық байланыста – бір белгінің көрсеткішіне, басқа бір белгінің бірнеше көрсеткіші тура келуі ықтимал. Оларға дәрежелі корреляция және квадраттау әдісімен корреляциялау жатады.

Статистикада регрессия коэффициенті деген көрсеткіш бар. Ол бір көріністің көрсеткіші бір рет өзгергенде, екіншісінің қалай өзгертінін көрсетеді. Алынған көрсеткіштерді талдау және әсерлеп көрсету мақсатында статистикада графикалық бейнелер қолданылады. Олар диаграмма, картограмма және картодиаграмма түрінде түсіріледі. Диаграммалардың сызықша, радиалды, келемді, мүсінді және бағаналы түрлері бар.





# Қорытынды

Медициналық статистика дегеніміз – қоғамдық тәжірибе саласы және жекеше оқылатын маңызды пән. Ол жалпы статистиканың бір тармағы. Басқаша айтқанда, медициналық статистика қоғамдық медициналық ғылым. Ол денсаулықты және денсаулықты сақтау жұмысын сандық және сапалық жағынан зерттейді. Сонымен қатар, статистиканың әдістері мен әдістемелері арнайы медициналық мәселелерді де шешуге қолданылады. Кез-келген саладағы дәрігерлер мен денсаулықты сақтауды ұйымдастырушылар үшін медициналық статистика денсаулыққа, санитарлық және өндірістік тіршіліктік жағдайға сандық және сапалық баға беруге қолданылатын негізгі құрал болып табылады.



# Қолданылған әдебиеттер

<https://ru.wikipedia.org/wiki/Статистика#>



**Көңіл  
бөлгендеріңізге  
рахмет!!!**